



ҒҰЛАМА
ҚОЖА АХМЕТ ЙАСАУИ

Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік Ұлттық университеті

ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА

ТІЛ БӨЛІМІ

Құрастырушы: Айгүл Бекенқызы

Редактор Зейнолла ҚАРИ

ҚҰРАСТЫРУШЫДАН

Қожа Ахмет Йасауїге арналған көрсеткіш үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім қазақ тілінде, екінші бөлім орыс тілінде, үшінші бөлім шығыс және шет тілдерінде құрастырылған. Материалдың жіктеліп, жүйеге келтірілуі үш бөлім де бірдей. Әрбір бөлімде әдебиеттер әліппелік тәртіппен орналасқан.

Қазақ тіліндегі материалдар үш тараудан тұрады.

1. Қожа Ахмет Йасауидің қазақ тіліне аударылған еңбектері;
2. Қожа Ахмет Йасауидің өмірі мен еңбектері туралы әдебиеттер;
3. Қожа Ахмет Йасауи мавзолейі туралы материалдар.

Көрсеткіш соңында авторлар және кітаптар мен мақалалар аттарының әліппелік көрсеткіші берілді.

Көрсеткіш мүлтіксіз, толық жинақталған басылым түзден аулақпыз. Өйткені құрастырушының қолына түспей қалған басқа да материалдардың болуы ықтимал.

Библиографиялық көрсеткіш ғылыми қызметкерлерге, аспиранттар мен студенттерге және кітапхана қызметкерлеріне арналған. Мұны Қожа Ахмет Йасауидің өмірі мен еңбектері жайлы және мавзолейі туралы білгісі келген барлық оқырмандардың пайдалануына болады.

КОЖА АХМЕТ ИАСАУИДІҢ ӨМІРІ МЕН «ДИУАНИ ХИКМЕТ» КІТАБЫ ЖАЙЛЫ ҚЫСКАША МӘЛІМЕТ

XI ғасырдың соңы мен XII ғасырдың ортасында өмір сүрген Ахмет Пасауи — түркі тілдес халықтардың аса көрнекті ақыны, есімі ислам әлеміне белгілі ойшыл қайраткері. Ол — мұсылман қауымындағы сопылық мектепті қалыптастырушылардың бірі. Ыбырай Алтынсаринше айтқанда: «мұжтаһид гүламалар арасындағы ұлықтары төртеу: имам Ағзам, имам Мөлік, имам Шағфиг, имам Ахмад бну Ханбал Яассауи. Бұл төртеуі шарифат мәнісін толық тексеріп, халыққа түсіндіріп берді»¹ Пасауи жазған шығарма — «Диуани хикмет» («Даналықпәма» немесе парасаттықнома), яғни «Даналық кітабы». Аталмыш еңбекті зерттеушілер (мыс., А. Қ. Боровков) пікіріне жүгінсек оғыз-қыпшақ тілінде өте қарапайым, көпшілікке түсінікті баяндалған әдеби туынды болса керек. Бірақ жиірақты көшірушілер уақыт көшімен келе-келе оған өз тараптарынан араб-парсы сөздерін молынан қосып жіберген сияқты.

Өлеңдер жинағының түпнұсқасы ғасырлар күниясында қалып қойған. Ең көне көшірмесі XV ғасырдың енішінде. Бұл дүние «Сираж ұл-Кулуб» жинағының құрамында Мәскеудегі орталық мемлекеттік архивте сақтаулы. «Даналық кітабы» Қазан (1887 және 1901 жж.), Стамбул (1901 ж.), Самарқанд, Қоқан және Ташкент (1902 және 1911 жж.) баспаларынан бірнеше рет жеке-жеке кітап болып жарық көрген. Алматыдағы Ұлттық кітапханада ақынның Стамбул, Самарқанд, Қоқан және Ташкент басылымдары, Ұлттық Академияда Ташкент басылымын қоса Қазанда шыққан кітаптарының көшірме микрофильмдері бар. Түпнұсқаға жақыны XV ғасырдағы көшірме болғанымен ең толығы Қазан басылымы. Мұнда 149 хикмет берілген. Кейбір зерттеушілердің дәйегіне сүйенсек (мыс., Н. Келімбетов) соның 109 хикметі Иасауидің өзінікіде, ал қалғандары шәкірттері тарапынан жазылып жинаққа еніп кеткен жыр жолдары.

Орта ғасыр әдебиетінің інжу-маржанына саналатын Иасауи хикметтерінің жазылу тарихы, тіл шұрайлығы, әлеуметтік бағыт-бағдары ғылыми түрде сараланып бүгінгі оқырмандарына жетті. Осыған бас-көз болып, мұрындық танытқан түркия ғалымы М. Ф. Кепрюлю-Заде 1918 жылы оны Стамбул баспасынан бастырса, Стамбул университетінің профес-

¹ Алтынсарин Ы. Мұсылманшылықтың белгісі.—Алматы, 1991.—22 б.

соры Кемал Грслан 1983 ж Анкарадан көне түрікшесі мен қазіргі түрікшесін салыстыра отырып жеке кітап етіп шығарды. Иасауи жылдарын орыс ғалымдары А. Н. Самойлович, Е. Э. Бертельс, Г. Ф. Благова, В. В. Бартольдт, В. А. Гордневский, Г. И. Наджип және т. б. жоғары бағалап, ақынның сопылық мектебін мойындады. Сондай-ақ хикметтердің зерттелу барысына Э. Р. Рустамов, Н. М. Маллаев, В. И. Зохидов сияқты өзбек бауырлар да біршама үлес қосты. Бұлармен қатар шет ел ориенталистерінің, мысалы ағылшындық Дж. С. Тринингэм мен венгерлік Вамберидің еңбегі өз алдына бір төбе.

Иасауидің кіндік – жұртындағы зерттелуі күдай аярлық, адам сенерлік. Сонау 1920 жылдардан бастау алатын зерттеуге кетергі «Надан жұрт Әулие деп кестерлеп кеткен» (Жүсіпбек Аймауытов, Әзірет сұлтан / Жаңа әдебиет 1929 ж. № 1) деп айтқызған өкімшіл-әміршіл жүйенің қатаң саясаты және «дін апиыны» болса керек Еңбектің күпия кілтін ашуға ешкімнің жүрегі дауаламаған. Тіпті тарихнаманың деректі алтын қорын жинаушы қазақ энциклопедиясының бірінші томында «Ахмет Яассауи... «Диуани хикмет» деген шығармасында... тірлікте көрген азабын, шеккен қайғысын тізеді... Бұл дүниенің өкініштілігін көрсетіп, аскетизмге, тағдырға сенуге ұағыз тайды, төркі дүниеге салынады...» делінген (А., 1973) Әйтседе қазақ зиялыларының ішінде арғысы Алтынсарин, Шөкәрім, Мәшһүр Жүсіп, бергісі Әлкей Марғұлан әл-Машани еңбектерінде атала бастауы, бағаланылды. Бүгінгі күні әдебиетші ғалымдар Р. Бердібаев, М. Мырзахметов, Н. Келімбетов, М. Жармұхамедов, С. Дәуітов, М. Шафиев, тілші ғалымдар Ғ. Айдаров, Ә. Құрышжанов, Ә. Қайтаров, М. Оразов және т. б. ақынның хикметтерін зерттеуге бірсыпыра еңбек сіңіруде. Әсіресе Ұлттық университеттің ғалымдары Әбсаттар Дербісәліев пен Ханғали Сүйіншәліевтің, Алма Қыраубаева мен Берікбай Сағыншықовтың еңбектері ұлттық мінез танытарлық, ауыз толтырып айтарлық қомақты дүниелер. Дәй тұрғанмен жалпы ғалымдар арасында хикметтің қазақша сөйлеп, жарық көруі әлі мардымсыз. Айталық Б. Сағыншықов Ташкент басылымындағы жеті хикметті сөзбе-сөз аударса (Ежелгі дәуір әдебиеті, 1991, 113--133 б.), ал М. Жармұхамедов, С. Дәуітов және Шафиевтар сол шамалысын тәржімалап (Даналықпама / Социалистік Қазақстан, 1990 ж. 18 қазан және Ғұлама / Қазақ әдебиеті, 1993 ж. 9 көкек) жариялады. Атақты ақын Жарасқан Әбдірашев Анкара басылымындағы І-ші хикметің көркем аудармамен (Ғожа Ахмет Иасауи. «Даналық кітабы») Шымкенттен шығарды. Бір қуанарлығы сол — қазақ-түркі ақынның құнды туындысын өздігінше

тексеріп, ыждағатты іздеңіп, қазақшалап жүрген жаңдар да баршылық. Біз сондай аударманың үш нұсқасымен танысып. Оның біріншісі қарағандылық Сыраш Битенұлы, екіншісі алматылық А. Түгелбайұлы және үшіншісі шымкенттік Хамит Иманжанұлы. Әрине, бұл аудармалар мағыналық жағынан негізгі түпнұсқаға жақын болғанымен, көркемдік жағы кемшіндеу. Өйткені бұлар көркем аударма емес. Әйтседе ұлы бабамыздың нақылдарын замандастарымызға тезірек жеткізе білгендері үшін аталған алаш азаматтарына алғыстан басқа айтар сөз аз. Әсіресе Сыраш мырзаның еңбегі ерекше. Қазан басылымындағы 149 хикметті шашаусыз екі ай бойы «Орталық Қазақстан» газетінің жиырма жеті санынан да үзбей жариялауы ерен ерлік һәм таңқаларлық табандылық.

Тұтаманың жансыз бейнесін Түркиядан алдырып Шымкентте бастыртқан Тарақты Ақселеуде, ал суретке жаңа әр берген Рустем Жарасқанұлы. Біз сол нұсқаны алдық.

Қожа Ахмет Иасаун 1093 жылы Испиджаб (Сайрам) қаласының маңайында дүниеге келіп, кейіннен Иассы (Түркістан) қаласына қоныс тепкен. Бұл туралы ақын:

«Бір жасымда аруақ маған үлес берді,
Екі жаста пайғамбар келіп көрді.
Үш жасымда шілтен келіп сәлем берді,—

деп өмір жолын баяндайтын 3,4 — хикметте өзі мойындайды:

Он алтыда барша аруақ үлес берді,
Ай-хай, Сізге мүбәрәк деп адам келді.
Перзентім деп, мойным құшып, көңілім тапты,
Он жетіде Түркістанда тұрдым, міне!»

(аударған С. Битенов). Иассаның Түркістан аталуы жөнінде «Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан» атты кітапта: «Түркістан алқабы VIII ғасырда Шауғар өлкесі атауымен белгілі болған. Астанасы басында өзіне аттас шәһар екен, ал кейінірек аты XII ғасырдан «Иассы» қаласы болғаны мәлім. Орта ғасырдың аяқ шенінде Иассы-Түркістан, Оңтүстік Қазақстанның едәуір бөлігін және Талас аймағындағы Алатау бөктерін, Сырдарияның орта белі мен Қаратау баурайын түгел қамтитын Үлкен аймақтың орталығына айналған» (Алматы, 1992, 77 б.) деп суреттеледі. Әкесі Ибраһим тағылымын алған бала Ахмет ең әуелі ауылдағы мектеп молдасынан хат таниды:

Кеттім де талақ етіп күллі әлемді
Мектепке қайнап-толып тастым міне
«Инна Фатахнаны» оқып намы күшті,
Еріксіз ез болдым бір бағышышты.

Молла ұрып мұқалғаннан жаным ішкі
Жас тоғип жапа шегіп тұрмын міне.
(аударған Ж. Обдірашев). Сосын Бұқарада оқыған. Сол кез-
дегі атақты шайыхтар Арыстан Баб пен Жүсіп Ламаданнен
тәлім-тәрбие көрген. Әсіресе Пасаун үшін жеті жасында жо-
лыққан Арыстан Бабтың орны бөлек:

Жетіде Арыстан Бабқа барған едім,
«Мұстафа аманатын толға!» деді.
Сол шақта бір зікірді сарнап едім,—
Аузымды ансарлықпен аштым міне.
Басымнан сипап маған құрма берді,
Жаныма жыл құсындай жырлар енді,

(аударған Ж. Обдірашев). Сөйтіп Мұхаммед пайғамбардың
өлер алдындағы (633 жыл шамасы) аманатын ары алдында
атқарған Арыстан бап 467 жылдан кейін бала Ахметке тап-
сырады. Міне, осы сәттен бастап бала бойында тек тәңірге
берілгендік, ақиқат жолын іздеушілік қалыптасады:

Надандық теңсіздікке тұрды нұсқап,
Содан соң сараң шөңдер қылды қыспақ.
Зәуімен өззімді міндім ұстап,
Таулардан талай зеңгір астым міне.
Басталды зікір қылып,— джуаналық,
Көрмедім Ақтап өзіні ойыма алып,
Болғанда пәруананың жайы қанық,—
Өрт құсап қаурыт жанып өштім міне.
Әуелде ақыл-ойдан кенде болдым,
Біртіндеп білім алып жөнге келдім,
Тартынып көп қызықтап пенде болдым,
Алланың ақ жолына түстім міне.

(аударған Ж. Обдірашев).

Осылайша «алланың ақ жолына түскен» Ахмет Пасаун
«алпыс үш пайғамбар жасы, одан әрі өмір сүру, жарық дү-
ниені көру күнә» деп дүние-мүлкін ғаріптер мен пақыр-мүс-
кіндерге тарағып жер асты үңгіріне (қылуетке) түседі. Бұл
жөнінде 2,6 хикметтерінде өзі жауап береді.

Аппақ таңда дүйсенбі күн жерге кірдім,
Мұстапаға аза тұтып кірдім, міне.
Алпыс үш те суннат деді, естіп, білдім,
Мұстапаға аза тұтып кірдім, міне.

Мәңгілік деп жер астына қадам қойдым,
Жарық дүниені талақ етіп, хакты сүйдім,
Зікір айтып, жалғыз өліп, жалғыз күйдім,
Мұстапаға аза тұтып кірдім, міне.

Алпыс түп, алпыс күнде бір жол тағам,
Таң атқанша намаз оқып, бір жол сөлем,
Алпыс үште болды ғұмырым ақыры тамам,
Мұстапаға аза тұтып кірдім, міне.

(аударған М. Жармұхамедов және басқалар).

Бұдан байқайтынымыз Ғұлама 1156 жылдан бастап өзінің өмірде көріп-білген һәм ойға түйгендерін қағазға түсіріп, бұрын соңғы жазғандарын жинақтап «Диуани хикметті» құрастырған. Сөйтіп шығыстың назымдық үлгісіндегі «Даналық кітабын» аяқтап 1166 жылы 73 жасында мәңгілікке көз жұмады.

Бабамыз Ғассауидің «Даналық кітабына» немесе «Парасатты сөздер жинағына» негізінен төрт нәрсе арқаулаған. Олар: «шариғат» — ислам заңдары мен әдет-ғұрыпының жинағы, яғни исламтану және дәстүрлану; «тариқат» — сопылық идеясы, мұрат-мақсаты, яғни сонытану; «махрипат» — дін жолын меңгеру, оқып білу, яғни дінтану; «хақиқат» — құдай және оған жақындау, яғни құдайтану. Ғұлама ойынша, «шариғатсыз» — «тариқат», «тариқатсыз» — «махрипат», «махрипатсыз» — «хақиқат» болуы мүмкін емес. Бұлардың әрқайсысы келесісіне жол ашатын баспалдақтар. Таратып айтсақ олар: біріншіден, «шариғаттың көйлегін» киген кісі «жаңды жалдан» және «жан-тәпшімен» құдайға құлшылық етсе, «шайтан пәпсісін» тыйса және «ғаріптерді» қорғап «надандармен» күресе ғана «пман нұры өсіп, «мінез құлқы» жөнделіп ғарши күрсінге көтерілер. Екіншіден, «тариқаттың ләззаты» «өттің қанын төкпей, «бауырдағы көз қанын» тауыспай, «зар есіреп» «көп жыламай»; ғашықтық саудасын, ғашықтық көзін, ғашықтық бағын, ғашықтық пышанын, ғашықтық паласын, ғашықтық дертін, ғашықтық сырғын, ғашықтық жолын, ғашықтық қадірін, ғашықтық жайын, ғашықтық отын, ғашықтық гауһарын, махаббат майданын, махаббат жүгін және махаббат бостанын түсінбей һәм танымай шын ғашық не жалған ғашық, білімді ғашық не сүйген ғашық болмайды һәм «гүл шарабы» мен «көңіл кәбөбі» орнамайды. Үшіншіден, «махрипат бостандығы» Арыстан бап өсиетін орындамай, «Хақ Мұстапаны аза тұтпай» бұтақтамайды һәм гүлдемейді. Төртіншіден, «Хақиқат дариясы» хақ тағала қолдамай, оның «нұры тамбай», «шабыты түспей» «диңдарда» тасымайды; «ақыр заман үмбеттері» «заты ұлық қожаға» сыйынбай «мехнат дариясынан» өгіп «ақырет азығынан» дәм татпайды. Аталмыш Ғасауидің ой өрілімінің өзегі, қарастыратын әрі объектісі, әрі субъектісі — Адам. Оның сыртқы һәм ішкі болмысы, дүние үшкіліндегі табиғат пен қоғам арасындағы қатынасы өз таны

Мын шындық шыңына шығаруы, яғни ақиқатқа айналдыруы. Шәкәрім қажына айтсақ:

Шыннан өзге құдай жоқ

Анық құдай — шын құдай,

ұнымы. Бұл хикметтің негізгі тұсы. Екінші тұсы, әл-Фарабидің «Қайырымды қаласы» сияқты уақыт пен кеңістікке бағынатын бақытты өмірі, балбұл бағы, ақылды басшысы, әділ билігі бар еркін қала — «Гүлстанды» армандауы. Қалың елінің тарихын қабырғасы қайыса ойлауы, мұратына жетер жол іздемі. Үшінші тұсы, тұяқты тұлғардың ізінен, қалқанды қайқы қылыштан, жел көрмелі жебеден сақталған шешендік нақыл сөздерді пәлсапалық мағнасында қазақи-түркі қолданғысы.

Ғұламаның ақылдық мектебінен рухани тәлім-тәрбие көрген шәкірттері Ахмет Пүгінеки мен Сүлеймен Бақырғани сопылық сазды Сыр өңіріне паш етті, Иасаунидің әулиелік жолын дәріптеді. Көзі тірісінде «Алланың құлымын» деп өзін Құл Қожа Ахмет атаған Иасаун ұланғайыр Қараған мемлекеті түркілеріне «Өзіреті Сұлтан», «Әулие» деген лақап атымен таралды. Ел-жұртының құрметіне бөленген «Әулиеге» қабарлы Ақсақ темірде табынып 1397 жылы парсылық Хажы Құсайын Ширан деген кісіге меріт салдырды. Бірақ үш жылдан кейін қолбасшы қайтыс болып, бітпей қалған кесенені Ғабдулла хан (1583—1598) істесе де ол да толық аяқтамайды. Ғимараттың бізге жеткен пішін-сұлабасы осы үлгі. Сұлулығы мен әсемдігі таңдай қақтыратын сәулет өнерінің кербез кесенесіне Құл Қожа Ахмет Иасаунидің мүрдесі қойылып, аты алтын әріппен айшықталған. Екінші Меккеге айналған кесене түрік-қазақ тарихының дарабоз ұлдары мен қыздарын, алты алашқа аты аян бағырлары мен билерін манғаз төсіне жайғастырын жирымдалған жер жамылғысымен мүлгіп жатыр...

Бүгін Иасаун аңсаған «Гүлстан» — Қазақстан — басында байрағы жалбыраған, аспанында ән-ұраны әуелеген егеменді ел, терезесі тең дербес мемлекет, БҰҰ мүшесі, өз Президенті бар ата-жұрт. Бүгін Иасаун армандаған Гүлстан» — Түркістан — ежелгі түркі қаханатының бір жағадан бас, бір жағадан қол шығаруға үндеуші Орда басы, ұлы ғұлама атындағы Қазақстан-Түркия достық университеті тұрақ тепкен туыстық астанасы. Ендеше бүкіл әлемдегі түркі тілдес халықтарға ортақ мұра саналатын Иасаунидің ғажайып жырлары жана қырынан жарқырап, сұлу-саз қылығымен күйқылжып, тұған топырағынан төрткүл дүниеге тарайтын уақыт басталды. Бұған 1990 жылы 23—27 қазан айы күндерінде Түркістан қаласында ЮНЕСКО-ның бағдарламасымен «Яссаун әлемі» деген атпен өткізілген халықаралық ғылыми мәслихат толық дәлел.

Алда Ұлы Бабамыздың 900 жылдығы. Осы Ұлттық тойды атқаруда арғымақ жалын ұстаған алаш азаматтарына — Аллаһның Рахман нұры жаусын! Ясауи бұрағы қолдасын! — деген мекпіз.

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИДІҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ АУДАРЫЛҒАН ЕҢБЕКТЕРІ

1. Ахмет Ясауи гөзөлдәры «Хөхкімет» кітабынан гөзөлдәры) Ауд. М. Жармұхамедов, С. Дәуітов // Парасат. — 1991. — № 8. — 8-9б.

2. Яссауи Қожа Ахмет. Даналық жинағы: / Жинақтың Стамбулдық нұсқасынан аударған А. Жұмақанұлы // Мәдениет. — 1993. — 15-13 наурыз.

3. Яссауи Қожа Ахмет «Даналық жолы» атты өсиет кітабынан Қазақшалаған С. Штепов // Орталық Қазақстан. — 1990. — 25-28 ақпан, 2-12, 14-17. 20 наурыз.

4. Яссауи Қожа Ахмет. Даналықжолы: Дастан // Орталық Қазақстан. — 1990. — 1 наурыз.

5. Қожа Ахмет Яссауи. Даналық жолы: Өлең // Орталық Қазақстан. — 1990. — 3 сәуір.

6. Яссауи Қожа Ахмет «Даналықнәма»: Өлеңдер / Аударғандар М. Жармұхамедов, С. Дәуітов, М. Шафигов // Соц. Қазақстан. — 1990. — 18 қазан.

7. Ходжа-Ахмед Ясауи Диуан-и Хикметә: Өлеңдер жинағы / Шағатайшадан аударған Маңғыстау Тыныштық ұғлы. — Қазан: Қаримовтар баспаханасы, 1901, — 135 б.

8. Ахмет Яссауи «Дивану хикмет» // Ежелгі дәуір әдебиеті. Екінші кітап / Аударған Б. Сағындықов. — Алматы, 1991. — 112 — 133 б.

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИДІҢ ӨМІРІ МЕН ЕҢБЕКТЕРІ ТУРАЛЫ ӘДЕБИЕТТЕР

9. Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Орта Азия түріктерінің тілінде жазылған ескерткіштер // Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. — Алматы, 1971 — 28-30 б.

10. Айжуманова Т. Қожа Ахмет Яссауи т. ж. белгісіз — 1166 ж. қайтыс болған // Өркен. — 1990. — 18 тамыз. — 12 б.

11. Ахмет Ясауидің туғанына 900 жыл: Қырық хикмет // Мәдениет. — 1993. — № 3. — 1-5 б.

12. Ахметбекқызы А. Ясауи тағлымы // Қазақ әдебиеті. — 1992. — 28 тамыз. — 4-5 б.

13. Ахметов Р Сопылық поэзиядағы фольклорлық элементтер: Қожа Ахмет Ясауи // Қазақстан Республикасы ҒА хабаршысы. 1992. — № 5. — 50-51 б.
14. Әбушәріп С. Ясауи ұрпақтары // Ана тілі. — 1992. — 1 маусым.
15. Бакбергенов С Сағана: Қожа Ахмед Ясауи туралы тарихи очерк // Алматы ақшамы. — 1989. — 25-27 қаңтар.
16. Бердібаев Р. Ахмет Ясауи және оның дәуірі // Соц. Қазақстан. — 1990. — 28 қазан.
17. Бердібаев Р. Ежелгі жазба мұралар // Бердібаев Р. Әдебиет және өмір. — Алматы, 1964. — 179-180 б.
18. Бердібаев Р. Ежелгі жазба мұралар // Бердібаев Р. Ғасырлар толғауы. — Алматы, 1977. — 26-49 б. Ахмет Ясауи туралы 11 б.
19. Даналыққа тағзым: [Түркістан мен Қытай қалаларында «Ясауи әлемі» деген атпен өткен халықаралық ғылыми мәслихатқа қатысқан қазақстандық ғалымдармен сұхбат] / Сұхбат жүргізген Ш. Керімов // Ана тілі. — 1990. — 27 желтоқсан.
20. Дәуітұлы С. Ғұлама: Құл Қожа Ахмет Ясауи туралы // Қазақ әдебиеті. — 1993. — 9 сәуір. — 5 б.
21. Дәуітұлы С. Құл Қожа Ахмет Ясауи: Ұлы ақынның асыл мұрасы «Джуани хикмет» туралы // Егеменді Қазақстан. — 1993. — 6 наурыз.
22. Дәуітұлы С. Құл Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 900 жыл // Қазақ әдебиеті. — 1993. — 9 сәуір. — 5 б.
23. Дербісәліев Ә. Ахмед Ясауи // Қазақ ССР Қысқаша энциклопедиясы. — Алматы, 1989. — Т. 4 — 131—132 б.
24. Дербісәліев Ә. Ежелгі сайрам мен түркістан ғұламалары // Жас алаш. — 1993. — 2 сәуір.
25. Дербісәліев Ә. Көгілдір күмбездің көне жазулары // Дербісәліев Ә. Шынырау бұлақтар: Зерттеулер, мақалалар. — Алматы, 1982. — 152-163 б.
26. Дербісәліев Ә. Көгілдір күмбездің көне жазулары // Қазақ әдебиеті. — 1980. — 3 қазан.
27. Дербісәліев Ә. Көне сайрамның ғалымдары // Парасат. 1992. — № 10. — 14 б.
28. Дүйсенбеков М. «Джуани хикмет» жайында не білеміз?: Ахмед Ясауидің творчествосы туралы // Оңтүстік Қазақстан. — 1990. — 15 маусым.
29. Жәмкешұлы С. Ахмет Ясауи бейнесі экранға шығады: [Шымкент қаласындағы «Арман» кинобейне студиясы А. Ясауи туралы көркем фильм түсіруді қолға алды] // Замаң-Қазақстан. — 1993. — 19 ақпан.

30. Исаев С. Әдеби тілдің қалыптасуы // Исаев С. Қазақ әдеби тілінің тарихы. — Алматы, 1989. — Ахмед Яссауи туралы 74 б.

31. Келімбетов Н. Ахмет Яссауи «Днуани хикмат» // Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. — Алматы. — 1991. — 188-193 б.

32. Келімбетов Н. Қожа Ахмет Яссауи // Келімбетов Н. Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі. — Алматы, 1986. — 117-119 б.

33. Күмісбаев Ө. «Тура жүр... құдай разы» Қожа Ахмет Яссауидің «Даналық кітабы» жайында // Алматы ақшамы. — 1992. — 20 тамыз.

34. Қазақ Совет Энциклопедиясы. — Алматы, 1972. — Т. 1. Ахмед Яссауи туралы 613 б.

35. Қазақ ССР 4 томдық қысқаша энциклопедия. — Алматы, 1989. — Т. 4. — Ахмед Яссауи туралы 131, 10, 127, 160, 169, 212, 203, 315, 317, 437, 550, 561, 562, 638.

36. Қазақ ССР тарихы. — Алматы, 1957. Т. 1. Ахмед Яссауи туралы 613 б.

37. Қазақ ССР. Бес томдық. — Алматы, 1982. — Т. 2. Ахмед Яссауи туралы 112—113, 117 б.

38. Қайдаров Ә. Қожа Ахмет Яссауидің «Диван-и хикмет» еңбегі туралы // Қайдаров Ә. Түркологияға кіріспе. — Алматы, 1985. — 108-109 б.

39. Қоныратбаев Ә., Қоныратбаев Т. Қожа Ахмет Яссауи «Днуани Хикмет» // Қоныратбаев Ә., Қоныратбаев Т. Көне мәдениет жазбалары. — Алматы, 1991. — 89-98 б.

40. Құрышжанов Ә., Ибатов Ә. Ескі түркі жазба ескерткіштері жайында: Қожа Ахмет Яссауидің «Диван-и хикметі» // Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы мен даму жолдары. — Алматы, 1981. — 105 б.

41. Қыдыров Е. Ұлы ұстаз ортамызға оралса да: Діндер ақын, ұстаз Қожа Ахмет Яссауи туралы // Жібек жолы. — 1991. — № 1. — 5-6 б.

42. Қыраубаева А. Ахмет Яссауи // Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. — Алматы, 1989. — 12, 14 б.

43. Қыраубаева А. Ахмет Яссауи // Ежелгі дәуір әдебиеті. Алматы, 1991. — 113 б.

44. Оразбай Мұхтархан «Жібек жолы» және Ахмет Яссауи мұралары жөнінде алғашқы ізденістер // Жас алаш. — 1992. 31 қазан.

45. Салықов К. Пайгамбар берген аманат: Аңыз-толау: [Қожа Ахмет Яссауидің туғанына 900 жыл толуына арналған] // Заман-Қазақстан, — 1993, — 22 қаңтар.

46. Сауранбаев Н. «Диуани Хикмет» туралы бір-екі сөз // Қазақ әдебиеті. — 1970 — 5 маусым.
47. Сүйіншәлиев Х. Ясауи және оның хикметтері // Жас алаш. — 1992. — 26, 27, 30 маусым.
48. Сүйіншәлиев Х. Ясауи хикметтері туралы // Сүйіншәлиев Х. Ғасырлар поэзиясы. — Алматы, 1987. — 121-138 б.
49. Сүйіншәлиев Х. Ясауи хикметтері туралы // Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері. — Алматы, 1967 — Ахмет Ясауи туралы 50-52 б.
50. Сүйіншәлиев Х. Ясауи хикметтері туралы // Сүйіншәлиев Х. VIII-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті. — Алматы, 1989. — 101-116 б.
51. Сүйіншәлиев Х. Ясауи хикметтері туралы // Сүйіншәлиев Х. IX-XII ғасырлардағы әдебиет ескерткіштері: Лекциялар курсы. — Алматы, 1977. — 24-40 б.
52. Тәжіқова К. Қожа Ахмет Ясауи: Сопылық тарихы және Ясауидің сопылықты насихаттауы жөнінде // Арай. — 1991. — № 9. — 14-15 б.

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ МАВЗОЛЕЙІ ТУРАЛЫ МАТЕРИАЛДАР

53. Аймауытов Ж. Әзірет сұлтан: Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи мешіті (Дабылдаған Дәуітов С. // Парасат. — 1990. — № 3. — 6-7 б.
54. Аққошқартегі Ә. Тайқазанды толтырған: [Түркістан қаласындағы тайқазан туралы] // Ақ жол. — 1992. — 1 желтоқсан.
55. Алдабергенов Н., Мыразов М. Түркістан — ғасырлар шежіресі: [Қожа Ахмет Ясауи мазары жайындағы зерттеулер туралы] // Өркен. — 1990. — 14 сәуір. — 10—11 б.
56. Атжанов К., Парманкулов С. Түркістандағы тайқазан // Ленинділ жас. — 1989. — 27 қыркүйек.
57. Әжіғалиев С. Қожа Ахмет Ясауи: XIV- XV ғ. салынған мавзолей Түркістан қаласында // Білім және еңбек. — 1987 — № 3. — 36-40 б.
58. Әйтнев Т. Қасиетті орындардың қарапайым сырлары: [Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи мавзолейі туралы] // Білім және еңбек. — 1965. — № 8. — 14-15 б.
59. Балқияев Н. Ахмет Ясауи ескерткішінің жанашырлары: [Түркістанда А. Ясауи ескерткішін сақтау жөнінде халықаралық қордың ашылғандығы туралы] // Егеменді Қазақстан. — 1992. — 3 қаңтар.

60. Балкнев Н. Ахмет Яссауи — түркі халықтарының мақтанышы // Оңтүстік Қазақстан.—1991.—15 маусым.

61. Балқияев Н. Үшеудің әңгімесі: А. Яссауи сәулет ғимараты жайында // Оңтүстік Қазақстан.—1990.—10 тамыз.

62. Бәсенов Т. Ахмет Яссауи ескерткіші.—Алматы: Қазақстан, 1972.—32 б.

63. Бәсенов А. Ахмет Яссауи ескерткіші // Жұлдыз.—1971. № 4. —132—137 б.

64. Бекчурин Мір-Садық Түркістан қаласындағы әзірет мешітін суреттеу: [1866ж. 19 ақпанда Орынбор қаласында жарық көрген «Әскери жинаққа» енген мақала Орышадан ауд. А. Әлімов] // Қазақ әдебиеті.—1933.—12 ақпан.—4 б.

65. Боранбаев К. Қожа Ахмет Яссауи Мавзолейі // Ата мекен. Алматы, 1990.—34—49 б.

66. Дербісалиев Ә. Қожа Ахмет Нассауи: [Шығыс өнерінің биік шыңы іспетті ғимараттың салыну тарихынан] // Жалын.—1987.—№ 3.—49—51 б.

67. Досжанов Д. Хан сүйегі қапта тұр: [Түркістандағы Қожа Ахмет Нассауи ғимаратында жерленген хандар мен батырлардың қабірлеріне жасалған қысастық жайында] // Дала дидары.—1991. 11—17 шілде.

68. Достанов О. Ауыл археологиясы: //Ахмет Яссауи музейінің, ғылыми қызметкері Адасхан Алтаев туралы // Мәдениет және тұрмыс. 1981.—№ 9.—20 б.

69. Достанов О. Түркістан — музейлер қаласы: [Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Яссауи мавзолейі және осында өлкетану музейін ашу туралы мәселе] // Соц. Қазақстан.—1982.—11 тамыз.

70. Досымов С., Әлімбаев Ә. Көне ескерткіштің жаңа құпиясы: [Қожа Ахмет Яссауи мавзолейінен 30 метр жерден жер астынан тағы бір жаңа мавзолейдің табылуы] // Лениншіл жас.—1975.—5 маусым.

71. Дүйсенбеков М. Айтулы ескерткіштің ертеңі: [Шымкент обл. Түркістан қаласындағы Ахмет Яссауи сәулет ғимаратты музейінің ашылғанына 10 жыл толу мерекесі жайында] // Оңтүстік Қазақстан. 1988.—23 қараша.

72. Дүйсенбеков М. Жасарған ғимарат: Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи сәулет-ғимараты туралы // Лениншіл жас.—1985.—13 маусым.

73. Дүйсенбеков М. Көне көзі—ел мұрасы: [Түркістан қаласындағы Ахмет Яссауи музейі жайлы] // Коммунизм таны.—1986.—31 қаңтар. Коммунизм жолы.—1985. 22 қазан, Көкшетау правдасы.—1986.—5 наурыз.

74. Дүйсенбеков М. Қайта оралған қазына: Атақты тай-

казан Ленинградтан Түркістанға әкелінді // Оңтүстік Қазақстан.—1989. —22 қыркүйек.

75. Дүйсенбеков М. Сергектік қажет-ақ: [Ахмет Яссауи музейінің пробл туралы: Шымкент обл. Түркістан қ.] // Соц. Қазақстан. 1989. —2 ақпан.

76. Дүйсенбеков М. Тарихи ел мұрасы: Ең көне Түркістан қаласындағы Ахмет Яссауи ғимарат музейі жайлы // Коммунистік еңбек. —1987. —17 қаңтар.

77. Елгин Ю. А., Бураев С. Ахмед Яссауи мешіт-мавзолейі // Қазақ ССР Қысқаша энциклопедия. Алматы. 1989. —Т. 4. —132—133 б.

78. Елгин Ю. Қарашан-ана [Қожа Ахмед Яссауидің шешесі Қарашан-ана мавзолейі жайлы] // Білім және еңбек. 1998. —Ю 5. —38—39 б.

79. Жандарбеков З. Тарихымыздың алты ғасырына куә ғимарат: Қожа Ахмет Яссауи мавзолейі // Қазақстан әйелдері. 1988. —№9. —2—4, 17 б.

80. Жандарбеков З. Түркістандағы топырағы бұйырған: 1. Кесенеді кімдер жатыр?; 2. Жауғантан қалған жадігерлер: Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің ішіне жерленген кісілер туралы // Қазақ әдебиеті. —1992. —5 маусым.

81. Жарылғапов І. Әйнекей сыры: [Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Яссауи мавзолейінің архитектуралық комплексін қалпына келтірудегі игістері] // Соц. Қазақстан. —1986. —13 қараша.

82. Жолдасбеков А. Қайта оралған қастерлі дүние: Тайқазан байырғы орнына қойылды / Эрмитаждағы Қожа Ахмет Яссауи мавзолейіне // Соц. Қазақстан.—1989. —30 қыркүйек.

83. Жұматаев А., Әнуарбекова Ж. Әйгілі мешітке 600 жыл: Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Яссауи мешіті туралы // Ленин жолы. —1991. —20 ақпан.

84. Иксанов Б. Түркістандағы тарихы ескерткіш Қожа Ахмет Яссауи мавзолейінің тарихы туралы // Білім және еңбек. —1961.—№8.—21—24 б.

85. Қазақ Совет Энциклопедиясы. —Алматы, 1972.—Т. 1.—Ахмед Яссауи ескерткіші туралы 613—615 б.

86. Қазақ ССР тарихы. Бес томдық. Алматы, 1982. —Т. 2. Ахмет Яссауи мавзолейі жайлы 181—18 б, 213—218 б.

87. Қамбаров К. Қайта оралған тайқазан: Қожа Ахмет Яссауи мазаратындағы тайқазан // Зерде.—1990.—№1.—46—47 б.

88. Қожаев Ахмет Яссауи мавзолейі: Альбом / Авт. Н. Нұрмұхамедов.—Алматы: Өнер, 1980.

89. Қожаев М. Галам мойындаған ғимарат: [Қожа Ахмет

Яссауи мавзолейі туралы] // Соц. Қазақстан. — 1990. — 6 қыркүйек.

90. Қожаев М. Ғұламаның есімі жазылған мөр: [Арыстанбаб ғимараты және ондағы Қожа Ахмет Яссауи есімі жазылған мөр] // Қазақ әдебиет. — 1990. — 3 тамыз.

91. Қожаев М. Яссауи мазарына — әлем назары // Жібек жолы. — 1991. — № 1. — 6 б.

92. Қоңыратбаев Ә. Қожа Ахмет Яссауидің мазары // Советтік Қарағанды. — 1975. — 22 желтоқсан.

93. Құлбеков М. Көне керамика жұмбақтары: [Ғасырлар бойы жұмбақ болып келген Ахмет Яссауи мавзолейін салуда пайдаланған сан-алуан көне керамика материалдары құпиясының ашылғандығы жайлы] // Білім және еңбек. — 1982. — № 5. — 10—11 б.

94. Қыдыров Е. Көне ескерткіштердің көлеңке жағында не бар?: Қожа Ахмед Яссауи мавзолейіне қамқорлықтың керектігі жайында // Оңтүстік Қазақстан. — 1987 — 1 шілде.

94. Қыдыров Е. Көне ескерткіштердің көлеңке жағында дағы Яссауи мавзолейін қамқорлыққа алу жайында] // Арай. — 1987. — № 6. — 25—26 б.

96. Мамытов М. Тайқазан қайтарылды, ал шырағданы қайда?: Қожа Ахмет Яссауи мешітінің шырағданын өз орнына қайтару жөніндегі ұсыныс // Парасат. — 1990. — № 3. — 5 б.

97. Нұрмұқанов О. Түркістанның тайқазаны: [Қазан жайында сыр] // Ленин туы. — 1989. — 16 желтоқсан.

98. Нұрмұхамедов Н. Б. Ахмед Яссауи сәулет ғимараты. — Альбом. — Алматы: Өнер, 1988. — 168 б.

99. Нұрмұхамедов Н. Б. Қожа Ахмет Яссауи мавзолейі // Жалын. — 1972. — № 4. — 144—146 б., Мәдениет және тұрмыс — 1972. — № 7 — 13 б.

100. Нұрмұхамедов Н. Б. Қожа Ахмет Яссауи мавзолейі: [Көне заманның архитектурасы] // Жалын. — 1972. — № 5. — 147—155 б.

101. Нұров Ғ Түркістан мавзолейі және оның тарихы // Оңтүстік Қазақстан. — 1984. — 8 маусым.

102. Нұров А. Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи сағанасының шын сыры // Оңтүстік Қазақстан. — 1959. — 5 тамыз.

103. Оразбеков Н. Құатты қару ұсынсақ: [Қожа Ахмет Яссауидің мазары жайлы] // Ленинил жас. — 1966. — 20 шілде.

104. Өсіпұлы Қ. Мавзолейде не бар?: [Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи мавзолей туралы] // Арқа ажары. — 1991. — 5 сәуір.

105. Өтениязов С. Ясы-Түркістан: [Ахмет Яссауи мавзо-

лейінші тарихы туралы] // Пионер.—1982.—№ 9.—26—27 б.

106. Рысбаева У. Сәулетті ғимаратта: [Шымкент обл. Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Яссауи музейі] // Соц. Қазақстан.—1986.—9 мамыр.

107. Сағатов Е. Туристерді ынтықтырған... [Түркістандағы А. Яссауидің мазары] // Лениншіл жас.—1977—23 маусым.

108. Сараев Ә. Қалпына келтіру ме, қалпына бұзу ма?: [Қожа Ахмет Яссауи мавзолейін жөндеудің жайы] // Лениншіл жас.—1970.—12 ақпан.

109. Сүлейменов Х. Түркістан: Ахмет Яссауи музейі комплексі: [Жол-жазбал] // Орал өңірі.—1984.—7 маусым.

110. Гілеуова З. Яссауи мавзолейі туралы // Коммунизм жолы. 1983.—22 маусым.

